

Сыр еліне саяхат

“Қызылорда қымыран – шұбатымен, Байқоңыр зымыран - ұшағымен” танылған өңір деп жиі еститінмін. Жыраулардың мекеніне айналған Сырбойынның тамаша табиғатын тек телеарналардан көріп, тамсанып таңырқайтынмын. Сол өңірдің топырағын бір бассам одан өзге арманым жоқ дейтін едім. Жер басып тірі жүрсең ойлаған арман, біттеген мақсат орындалады екен. Әрине, бірінші Алланың қалауымен. “Сабақты ине сәгімен” дегендей аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Төлөнді Ғаниматұлы қазан айының екінші жексенбісі күні Қызылорда облысына баратын делегаттардың қатарында бар екендігімді айтып, жұмыс телефонға қоңырау шалды. Шындығы керек қатты қуандым. Себебі, ойда жүрген армандарымның бірі еді. Сөйтіп, арада бір апта өткеннен кейін екі жеңіл автокөлікпен ауданнан шыққан делегаттар Арқалық қаласына жол тарттық.

Делегаттар қатарында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарсақбай Бірмағанбетов, Торғай ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жылқыбай Бәкіров, қарт ұстаз Әбдісалық Жақсымбеков, Жақан қажы Ибраев, зейнеткер Мамат Тұрғанов, ардагер спортшы Ербатыр Рахатов және Төлөнді Ғаниматұлы бар. Күн найза бойы көтерілгенше бізде қалаға жеттік. Кешке қарай Арқалық – Астана бағытына жүретін пойызға міндік. Ендігі ойым қандай мақсатпен Қызылорда шаһарына бара жатқанымызды білу. Көпті көрген қариялардан астыртын әңгіме сұрау мүмкін емес. Дегенмен, әңгіменің турасына көшуді жөн санадым. “Біздің барудағы мақсатымыз қандай? айта – айта жауыр болған жер жайлыма? Әлде, ұшатын зымыранның зиянсыз немесе зиянды екеніне көз жеткізу ме?”, - дедім.

Мен айтып аузымды жия бергенше Қарсақбай Бірмағанбетұлы, “Айналайын біз өмірдің талай қиындықтарын көріп, бұралаң жолдардан өткен жанбыз. Сындралы сынақтарда сыналғанбыз. Сондықтан біз туған жерімізге, ондағы бауырлас ағайындарға жамандық ойлайды деген күдіктен арылу қажет. Біріншіден, Төлөнді Ғаниматұлына рахмет, аудан қарияларының басын қосып, арнайы Қызылорда өңіріне туристік саяхат жасауға мүмкіндік туғызып отырған”, - деді.

“Басқа пәле тілден” деген рас екен. Қап, әттеген – ай, шыдамсыздықтың кесірінен сенімсіздікке душар болып, астыңғы ернімді тістеп үнсіз қалдым. Қамысқа тығылған қояндай шарасыз күйімді бірден аңғарған Жылқыбай ақсақал әңгіме бағытын басқа арнаға бұрып, өткен күннің естеліктерін айта бастады. Сол сәт іштей “уф” деп кең тыныстап алдым. Өткен күндері өнегелі, ғибраты мол тарихи әңгіменің шоғын көсеп, маздатуға бекіндім. Ол кісілерде менің ойымды оқып алғандай лезде Торғайды түлеткен тұлға Жақан Қосабайұлының қызметі жайлы әңгіме өрбіте жөнелді. Әрбір қадамын аңдап басып, әр ісін батыл шешіммен қабылдайтын тұлғалы азаматтың есімі бүгінгі күнге дейін ел жадында жаңғырып, тарих беттеріне алтын әріптермен жазылғандығы баршамызға аян. Оның үстіне сол уақытта іргетасы енді қаланып жатқан 214 үйдің құрылыс жұмыстарын тоқтатпай, қаражаттың тапшылығына қарамай “Тәуекел түбі жел қайық” деп жең түре кіріскен. Қиын – қыстау заманда қиындыққа қарсы тұрып, ел игілігі үшін қызмет жасаған. Мәселен, жергілікті тұрғындардың көмегімен қаржы жинап,

1992 жылы Қазақстан бойынша тұңғыш рет жалпы аумағы 2300, көлемі 744 шаршы метр болатын Торғай жерінен мешіт салдырған. Оған “Оспанқожа әулие” бабамыздың есімін берген. Осы мешіттің ашылу салтанатына Ақмола, Қостанай, Арқалық қалаларынан келген қоғам және дін қайраткерлері куә болған. Арада он күн өткеннен кейін Елбасы Н.Ә.Назарбаев келіп, Торғай жұртшылығын

қуанышымен құттықтаған. Сондай – ақ, 1993 жылы Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының 300 жылдық тарихи тойын республикалық деңгейде өткізіп, “Дәуітбай” сайының бойында ат шаптырып, балуандарды белдестіріп, ақындар айтысын ұйымдастырып, тамашаның тарландарын алдырып, Торғай елінің мәртебесін асқақтатқан. Біртуар тұлғаның елге жасаған ерен еңбектерін тыңдап жатып, көзім ілініп, қалың ұйқыға қалай кеткенімді аңдамай қалыппын. Арада қанша уақыт өткенін қайдан, оянып кетсем біз мінген пойыз Астана қаласындағы жаңадан салынған “Нұрлы жол” вокзалына тоқтап жатыр екен. Пойыздан түскен бетте жүзі таныс кісілер бізді күтіп алып, “Нұрсұлтан Назарбаев” әуежайына әкеліп, Қызылорда облысына баратын ұшаққа мінгізіп жіберді. Әуеде 1 сағат 20 минут жүріп, “Қорқыт ата” әуежайына келіп қондық.



Осы арадан “Бәйтерек” акционерлік қоғамның атқарушы директоры Ибраев Ерден Қайыржанұлы, аталмыш акционерлік қоғамы филиалының директоры Зейнуллин Берік Зейнелғабылұлы, пайдалануды қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Қайназаров Қорғанбек Танысбайұлы, бірінші санаттағы маман, кезекшілік жедел тобының қызметкері Жакудев Руслан Ғабитұлы делегаттарды қарсы алды. Түскі қонақасынан кейін екі ғасырға жуық тарихы және көркем суреттер галереясы бар “Қызылорда облыстық тарихи – өлкетану” мұражайын араладық. Тәуелсіздік жылдарға дейінгі қылқалам шеберлерінің қанық түсті бояма туындыларын көрдік. Қайран қалып, таңдай қақтық. Бояма сурет өнер иелерінің есімдері қабырға тасқа қашалып жазылған. Бұл жас ұрпаққа үлгі, өнер иелеріне құрмет. Қорқыт бабамыздың қылқобыздың суреті бейнеленген ескерткіштің қасына барып, естелік суретке түстік.

Темір қоршаудың арғы жағында айнадай жарқырап жатқан Орталық Азиядағы ең ірі және суы мол Амудариядан бастау алатын Сырдария өзені. Оның су түбіндегі тұңғыықтай өзіндік сыры бар. Ол жайында бізге ешкім дөп басып айтып бере алмады. Өртүрлі көзқарас, әр қилы пікірлердің қосындысын топшылап, айтқандай болды. Облыс орталығындағы мұражайларды ара-

лап, тарихи мағлұматтар алған соң шетелдік шағын автобуска отырып, 110 шақырым қашықтықтағы “Қорқыт ата” кесенесіне бардық. Жақан қажы құбылаға жүзін бұрып, баба рухына дұға бағыштады.




Мына қобызға ұқсатып салған ескерткіштің архитекторы Бек Ибраев, дыбыс шығаратын трубалардың авторы физика академигі Совет Исагаев екен. Бір қызығы жоғары жағындағы саңылаудан жел үргенде

ша ғибадат етіп, өзімізше ойда жүрген арманымыздың жүзеге асуын тіледік. Жер шарындай дөңгеленген амфитеатрдың сыйымдылығы 500 адамдық. Қақ ортасында тұрып сөйлесең микрофонсыз дауысың жаңғырып, құлаққа анық жетеді.

Сыр еліне арнайы барған делегаттар “Қорқыт ата” меморалдық мұражайына бет алды. Онда зерделенген көне заттар көздің жауын алады. Қырық жыл ажалдан қашқан бабамыздың өмір жолы мен таныстық. Академик Әлкей Марғұланның мына бір сөзі еріксіз ойға оралады. “Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз – қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан) болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған...” Шындығында, “Қорқытты қадірлеудің Сырдария жағасында мыңжылдық өнегесі бар...” деген сөз тегін айтылмаса керек – ті. Бүкіл түркі тілдес халықтардың ұлы бабасына айналған

Қорқыт атаның туып өскен Отаны, кіндік қаны тамған жері қазақтың Сыр елі екені әлімсақтан белгілі. Көреген көсем, сөз бастар шешен, ұлы күйші болған Қорқыт бабамыздың асыл мұралары, ұлылық



ішіндегі труба арқылы күніренген қылқобыздың дауысы естіледі. Дәл осы керемет дыбысты өз құлағымызбен естіп, қайран

ұлағаты, даналық ғибраты бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ екенін ұмытпағанымыз жөн.



қалдық. Жалпы Қорқыт ата ескерткіш кешені 1980 жылы салынған. Ондағы “Қылует”, “Амфитеатр”, “Қорқыт мұражайы” мемлекет қорғауында. Осы ескерткіштен екі аттам жерде жертөре бар. Мұнда келген адамдар садақа тастап, тілек тілейді. Бізде осы үрдіс бойын-

Тарихи мұражайдағы құнды жәдігерлер қылқобыздың қоңыр дауысы арқылы өткен ғасырдан сыр шертіп тұрғандай.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ
(Жалғасы бар)